Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы "қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 580 Заңына сәйкес қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенеді (бұдан әрі - Заң) және объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздеуге, ал Тапсырыс беруші сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде берілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.2.1. Шарт.

1.2.2. Сатып алынатын қызметтер тізбесі (Веб-порталда қалыптастырылады) (№1 қосымша).

1.2.3. Техникалық ерекшелік (Веб-порталда қалыптастырылады) (№2 қосымша).

1.2.4. Қызметтерді орындауға арналған шарттағы елішілік құндылықтың болжамды/нақты есебі (Веб-порталда қалыптастырылады) (№3 қосымша).

1.2.5. Контрагент анкетасы (Орындаушымен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№4 қосымша).

1.2.6. ESG анкета-сауалнамасы (Орындаушымен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№5 қосымша).

1.2.7. «ҮМЗ» АҚ рұқсатнамалық тәртіптеме туралы нұсқаулықтың талаптары (№ 6 -Қосымша).

1.3. Сақтандыру полистері бойынша сақтандыру жағдайы үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі қауіпті өндірістік фактор болып танылады.

1.4. Сақтандыру мерзімі сақтандыру полистерінде көрсетіледі.

1.5. Шартта келесі ұғымдар қолданылады:

1.5.1. авария - қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарылуы;

1.5.2. инцидент-қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бүлінуі, авариядан әкеп соқпаған технологиялық процесті жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;

1.5.3. қауіпті өндірістік фактор – қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларинцидентер кезінде туындайтын, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіретін физикалық құбылыс;

1.5.4. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі-қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіні меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа заңды негізде иеленетін жеке және (немесе) заңды тұлға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.5.5. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі-жеке және (немесе) заңды тұлғалардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды қауіпті өндірістік фактормен өтеуге Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген міндеті;

1.5.6. пайда алушы - Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

1.5.7. сақтандыру жағдайы – қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты басталуымен сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

1.5.7.1. сақтандыру омбудсмені – өз қызметінде «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын тәуелсіз жеке тұлға;

1.5.8. сақтандыру сомасы-міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

1.5.9. сақтандыру сыйлықақысы-объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

1.5.10. сақтандыру төлемі-сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

1.5.11. сақтандырушы-сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

1.5.12. сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

1.5.13. сақтанушы - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырушымен міндетті сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған болып табылады;

1.5.14. уәкілетті орган-өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатқа басшылықты және салааралық үйлестіруді, әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

1.5.15. үшінші тұлға - өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор зиян келтірген тұлға. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қызметкерлері мен иелері үшінші тұлғалар болып табылмайды.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Тапсырыс беруші Орындаушыға 10 (оң) жұмыс күні ішінде келесі құжатты (құжаттарды) ұсыну негізінде 100% мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысын төлейді:

2.4.1. Төлем шоты.

2.4.2. Шарт шеңберінде көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне арналған елішілік құндылықты есептеу электрондық құжат нысанында (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі Веб-портал) көрсетілген қызметтерге ақы төлеу шотымен бір мезгілде ұсынылады).

2.5. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

2.6. Қызметтерді төлеуге арналған шотты Орындаушы Тапсырыс берушіге заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған қағаз жеткізгіште жібереді.

2.7. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші қағаз нұсқада Шотты (Шоттарды) қабылдағаннан кейін Орындаушы Веб-порталда электрондық түрде көрсетілген Қызметтер Актісін және Елішілік құндылық есебін дайындайды және қол қояды.

2.9. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Орындаушының дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.10. Шарт бойынша төлем Шарттың 20-бөлімінде көрсетілген Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен теңгемен жүргізіледі

3. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері заң нормаларына сәйкес айқындалады. Сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады, сақтандыру полюсінде көрсетіледі және 4 325 000 теңгені құрайды.

3.2. Сақтанушы төлейтін сақтандыру сыйлықақысы заң нормаларына сәйкес айқындалады, сақтандыру полюсінде көрсетіледі және теңге құрайды (ҚҚС салынбайды).

4. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

4.1. Қызмет көрсету мерзімдері, шарттары, көлемі және орны осы Шарттың № 2 - қосымшасына сәйкес анықталады.

4.2. Сақтандыру полистерінің қолданылуы Заңда және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

4.3. Сақтандыру полистері мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысын қайтару Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

5.1. Орындаушы:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

5.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

5.1.2.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады. Осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

5.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

5.1.4. Төлем шотын ұсынуға.

5.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

5.1.6. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

5.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

5.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялар, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

5.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

5.1.11. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

5.1.12. Мерзімінде, 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, Қызмет көрсету барысында туындауы мүмкін өзгерістер туралы Тапсырыс берушіге ресми хабарлауға және осы өзгерістердің барлық келісулерін жедел жүргізуге.

5.1.13. Білімін, тәжірибесін және қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қызметтерді ұйымдастыруға және көрсетуге; Орындаушы көрсетілетін Қызметтердің әдістері, жүйелілігі мен сапасы үшін, сондай-ақ Шарт бойынша көрсетілетін барлық Қызметтердің үйлесімділігі үшін толық жауапты болады.

5.1.14. Көрсетілген қызметтердің тиісті сапасын Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қамтамасыз етуге.

5.1.15. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындауға.

5.1.16. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Орындаушыға белгілі болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ дербес деректерді жария етпеуге.

5.1.17. Өзара талаптың жоқ екендігі туралы салыстыру актісіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюға.

5.1.18. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде контрагенттің толтырылған сауалнамасын (осы Шартқа № 4 қосымша) ұсыну.

5.1.19. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде толтырылған ESG сауалнама-сауалнамасын (осы Шартқа № 5 қосымша) ұсыну.

5.1.20. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің http://www.ulba.kz. веб-сайтында орналасқан «ҮМЗ» АҚ өнім берушілерінің Әдеп кодексімен өзі және жұмыскерлерін таныстыру. «ҮМЗ» АҚ өнім берушінің Әдеп кодексі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5.1.21. Орындаушы, оның ішінде оның жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ қосалқы орындаушылар Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде «ҮМЗ» АҚ өнім берушінің Әдеп кодексіне сәйкестігі бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

5.1.22. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспау, Орындаушымен, оның акционерлерімен/құрылтайшыларымен/қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Орындаушының және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беру және осы Шартты бұзған жағдайда көрсетілген.

5.1.23. Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарымен, оның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру;

5.1.24. Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеу;

5.1.25. объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданысы кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметті дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.26. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Шартта көзделген тәртіппен және шарттарда жүргізсін;

5.1.26.1. Сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандыру компаниясы өтеуге жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға

5.1.27. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтанушыға (пайда алушыға) жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жіберуге;

5.1.28. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

5.1.29. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (үшінші тұлғаның, пайда алушының) талаптарын қарау және бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беру;

5.1.30. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жолдасын.

5.1.31. Өз жұмыскерлерін «СТ 28.0021 баяндалған «ҮМЗ» АҚ объектілерінде мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне рұқсат беру және келу кезіндегі өткізу және объектішілік режимнің талаптарымен», оның ішінде «ҮМЗ» АҚ рұқсатнамалық тәртіптеме туралы нұсқаулықтардың талаптарымен» (№ ___-Қосымша) таныстыруға және олардың сақталуына толық жауапты болуға. Өткізу және объектішілік режимдердің бұзылуына жол бермеуге. Мұндай бұзушылықтарға келесілер жатады, соның ішінде:

5.1.31.1. Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде болуы, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде өтуге әрекет етуі;

5.1.31.2. Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағынан рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді, әкетуге арналған құжаттарда толықтырулар немесе түзетулер бар) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды әкету (шығару) және/немесе әкету (шығару) әрекеттері;

5.1.31.3. Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша «ҮМЗ» АҚ рұқсатнамалық тәртіптеме туралы нұсқаулықтың талаптарында көрсетілген тыйым салынған заттарды әкелу және/немесе кіргізу әрекеттері және/немесе әкелу және/немесе кіргізу (№6-Қосымша);

5.1.31.4. рұқсаттаманы басқа тұлғаға беру, өтуге әрекет жасау және/немесе «ҮМЗ» АҚ аумағына жалған немесе мерзімі өткен рұқсаттама бойынша өту.

5.1.32. Рұқсаттаманың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны (рұқсаттаманы) Тапсырыс берушіге қайтаруға және Тапсырыс берушінің рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттамаларды қайтару туралы анықтаманы Шарттың кураторы - ұсынуға.

5.1.33. Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоғалған/ бүлінген рұқсаттаманың құнын Тапсырыс берушіге өтеуге. Орындаушы Шарттың 5.1.32-тармақшасында белгіленген мерзім ішінде рұқсаттаманы қайтаруды растайтын анықтаманы ұсынбаған жағдайда рұқсаттама жоғалған болып есептеледі.

5.1.34. Орындаушы еңбек заңнамасын сақтауға және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің еңбек заңнамасының сақталуын және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді Растауды Тапсырыс берушіге жіберуге міндеттенеді.

5.1.35. Пайдасына басқаға беру болжанатын заңды тұлға туралы барлық ақпаратты ұсына отырып, факторинг шартын жасасу туралы «ҮМЗ» АҚ-ға уақтылы хабарлау;

5.1.36. пайдасына басқаға беру көзделіп отырған заңды тұлға туралы барлық ақпаратты ұсына отырып, цессия шартын жасасуды «ҮМЗ» АҚ-мен жазбаша келісу.

5.1.37. Орындаушы еңбек заңнамасын сақтауға және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің еңбек заңнамасының сақталуын және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді Растауды Тапсырыс берушіге жіберуге міндеттенеді.

5.2. Орындаушы:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

5.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

5.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

5.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

5.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

5.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

5.2.7. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету құқылы.

5.2.8. сақтандыру полистерін ресімдеу кезінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру полистерін ресімдеу үшін қажетті өзге де мәліметтерді, оның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

5.2.9. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;

5.2.10. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

5.2.11. үшінші тұлғалардың бүлінген мүлкін және зақымдану аймағын тексеруге қатысу және тексеру актілеріне қол қою;

5.2.12. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар өзгерген жағдайда сақтандыру полисінің талаптарын өзгертуді талап ету (сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиянның мөлшері);

5.2.13. келтірілген зиянды өтеуге байланысты қатынастарда Сақтанушының (Сақтандырылушының) атынан және оның тапсырмасы бойынша сөз сөйлеу;

5.2.14. Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша Пайда алушылар қойған талап-арыздарға қатысты оның атынан сотта іс жүргізуді өзіне қабылдауға. Алайда Сақтандыру компаниясының бұл әрекеттерін олардың сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін мойындауы деп санауға болмайды;

5.2.15. зиян келтіруге жауапты адамға кері талап қою құқығын көрсету.

5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

5.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

5.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

5.3.5. Орындаушыға енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

5.3.6. Осы Шарт жасалған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Орындаушыға осы Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсыну.

5.3.7. Тараптардың өзара талаптарының болмауы туралы Орындаушымен салыстыру актісіне қол қою арқылы Шартты жабуды жүзеге асыру.

5.3.8. Егер осы Шарт шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет болса, Орындаушының қызметкерлерін Тапсырыс берушінің аумағына жіберуді қамтамасыз ету.

5.3.9. сақтандыру полисінде және осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.3.10. Шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде бұл туралы уәкілетті органды хабардар етсін;

5.3.11. Шарт жасасу кезінде сақтандыру компаниясына объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері және Шарт жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтер туралы ақпарат беру;

5.3.12. үш жұмыс күні ішінде Сақтандыру компаниясына және уәкілетті мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне сүйене отырып, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, мән-жайлардың өзгерістері туралы хабарлау;

5.3.13. қызметі сақтандыру тәуекелін едәуір арттыруы мүмкін үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіні жоспарланып отырған жаңғырту және (немесе) қайта бейіндеу туралы сақтандыру компаниясы мен мемлекеттік органдарды олардың құзыретіне қарай хабардар етуге;

5.3.14. үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерін болғызбау жөнінде қажетті және ықтимал шараларды қабылдау;

5.3.15. дереу, бірақ үш күннен кешіктірмей, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғандай, бұл туралы сақтандыру компаниясына хабарлау;

5.3.16. үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсері туындаған кезде орын алған жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту, оның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету жөнінде ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдау;

5.3.17. сақтандыру компаниясының өкіліне қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі авариянның, инциденттің туындау себептері мен өзге де мән-жайларына дербес тергеу жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

5.3.18. зардап шеккен мүліктің және зақымдану аймағының сақталуын қамтамасыз ету үшін (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залал мөлшеріне әсер етпесе) Сақтандыру компаниясының өкілі оларды сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін болған түрде қарап шыққанға дейін барлық мүмкін шараларды қабылдасын;

5.3.19. сақтандыру компаниясына сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы мен салдарын, сондай - ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты (қажет болған жағдайда-жазбаша нысанда) және құжаттаманы ұсыну;

5.3.20. қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою немесе талап арыз беру туралы өзіне белгілі болғандай, үш жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандыру компаниясына кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлау;

5.3.21. зиян келтіруге жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандыру компаниясына өтуін қамтамасыз ету.

5.4. Тапсырыс беруші:

5.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

5.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

5.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

5.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

5.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

5.4.6. Осы Шартта және Қосымшаларда көрсетілген Қызметтердің сапалы және уақтылы орындалуын талап етуге;

5.4.7. Көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап етуге.

5.4.8. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін, шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаса, Қызметтерді көрсетуді бұзушылықтарды жойғанға дейін жалпы немесе бір бөлігін тоқтатуды жазбаша талап етуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.4.9. Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға (Шарттан бас тарту) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Тәртіппен және (немесе) осы Шартпен көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға.

5.4.10. Орындаушы шарттық міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайларда тұрақсыздық айыбын төлеуді талапетуге.

5.4.11. Қызмет көрсету сапасына және/немесе толықтығына қатысты негізделген қарсылықтарды көрсету.

5.4.12. Орындаушы Қызметтерді көрсету мерзімін, көрсетілген Қызметтердің сапасын бұзғаны үшін Шартта көзделген тәртіпте Шарт бойынша төлем сомасынан немесе Шартты орындауды қамтамасыз ету кепілдемесінен біржақты тәртіпте тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға.

5.4.13. Осы Шартты орындауға байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсынуға.

5.4.14. Келесі жағдайларда біржақты тәртіппен Шартты бұзуға (Шартты орындаудан бас тарту):- Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың № 4 қосымшасындағы нысан бойынша Контрагент сауалнамасын ұсынбаған жағдайда;- Орындаушыны комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтижелер анықталса;- Орындаушы «ҮМЗ» АҚ өнім берушінің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталса;

5.4.15. Егер тендер жеңімпазы Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Сатып алу туралы шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларын қоспағанда, Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалу.

5.4.16. Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;

5.4.17. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;

5.4.18. келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру компаниясы және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеумен танысу;

5.4.19. Заңның 21-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру компаниясына не объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну

5.4.20. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату;

5.4.21. өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандыру компаниясы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы)жіберу;

5.4.22. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар өзгерген жағдайда Шарт талаптарының өзгеруін талап ету (сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиян мөлшері);

5.4.23. шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру төлемін алу.

5.4.24. Сақтандырушының бас тартуына шағымдану үшін сақтандыру төлемін сотта не сақтандыру омбудсманын тарту арқылы жүргізуге болады.

5.4.25. Өнім берушінің орындаушының басқарма жұмыскерлері (ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлға) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда шартты бұзу.

5.4.26. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары аясында жауап қату шараларын қабылдау үшін Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің өткізу және объектішілік режимдерді бұзғаны туралы материалдарды арнаулы және құқық қорғау органдарына жіберуге.

5.4.27. Тапсырыс беруші Орындаушыдан еңбек заңнамасының сақталуын растауды және көрсетілген бағыттар бойынша жұмыскерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

5.5. шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінің талаптарын сақтауға міндеттенеді.

5.6. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тарапқа беруге құқылы емес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Кепілдемелер мен Сапа 6.1. Көрсетілген қызметтердің сапасы Сақтанушының/Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген қызметтердің түрі бойынша тиісті саланың облыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға/талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.2. Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі – Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді. Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

6.3. Сақтандырушы/Орындаушы Сақтанушыға/Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша қызмет көрсету үшін тиісті тәжірибесі мен біліктілігі бар екеніне кепілдік береді. Сақтандырушы/Орындаушы көрсетілген кепілдік мерзімі ішінде қателерді, кемшіліктерді және техникалық ерекшелік қызметтерінің басқа да сәйкессіздіктерін (осы Шарттың № 2-Қосымшасы) өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.4. Осы шарт арқылы Сақтандырушы/Орындаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шартты жасасу және тиісінше орындау үшін барлық қажетті құқықтарға, өкілеттіктерге, лицензиялар мен рұқсаттарға ие екендігіне кепілдік береді.

7. Сақтандыру жағдайын айқындау және сақтандыру төлемінің мөлшері

7.1. Сақтанушының (сақтандырылушының) үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор келтірген зиянды өтеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру полистері бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады. Сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандыру компаниясы немесе тәуелсіз сарапшы авариялық, оқыс оқиғаның себептерін тексеру актісі, сот шешімдері және келтірілген зиянның мөлшері туралы деректерді қамтитын басқа да материалдар негізінде айқындайды.

7.2. Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері Заңмен белгіленеді.

7.3. Мүлік зақымданған кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы басталғанға дейін болған мүліктің тозуын ескере отырып, оны қалпына келтіру құнының есебіне сүйене отырып айқындалады. Мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған кезде қолданыста болған орташа нарықтық бағалар мен тарифтер негізінде айқындалады. Мүлікті жою кезінде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі тозуды ескере отырып, мүліктің нақты құны негізге алына отырып айқындалады. Егер мүлікті қалпына келтіру техникалық жағынан мүмкін болмаса немесе экономикалық жағынан негізделмесе, ол жойылған болып есептеледі. Мүлікті қалпына келтіру, егер бұл ретте күтілетін шығыстар (қалпына келтіру құны) сақтандыру жағдайы басталған күнгі есептелген амортизацияны ескере отырып, мүліктің нақты құнының сексен процентінен асып кетсе, экономикалық жағынан негізделмеген болып есептеледі.

7.4. Сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға келтірілген залалдың (нақты залалдың) мөлшерінен аспауға тиіс.

7.5. Сақтандыру төлемдері сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүргізіледі.

7.6. Келтірілген зиянның мөлшерін айқындаудың өзге де шарттары Заңға сәйкес реттеледі.

8. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі

8.1. Сақтандыру компаниясына сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы) не Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға жазбаша нысанда ұсынады. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мыналар қоса беріледі:

8.1.1. Келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Сақтанушы таныған зиянды өтеу туралы Пайда алушының талабы немесе үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор келтірген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі;

8.1.2. Зиянның мөлшерін болдырмау немесе азайту жөніндегі шараларды қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар (бар болса). Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар қоса берілген электрондық нысанда электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандыру компаниясының орналасқан жері бойынша құжаттардың түпнұсқаларын Сақтандыру компаниясына ұсынудан босатпайды. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда Сақтандыру компаниясы 3 күн мерзімде (мереке және демалыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күндерін қоспағанда) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны)/Пайда алушыны жетіспейтін құжаттарды оларды көрсете отырып ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

8.2. Құжаттарды қабылдаған сақтандыру компаниясы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Сақтанушы (Сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда Сақтандыру компаниясы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

8.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандыру компаниясының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғадан оның Сақтандыру компаниясына талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

8.4. Үшінші тұлға (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлға) немесе үшінші тұлғаға (зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаға) келтірілген зиянды осы Шартта белгіленген жауапкершілік шегінде өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

8.5. Сақтандыру компаниясы сақтандыру төлемін осы баптың 7.1-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей жүргізеді.

8.6. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған жағдайда Сақтандыру компаниясы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

8.7. Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне Сақтандыру компаниясы немесе сот шешімімен сақтандыру жағдайы деп танылған қауіпті өндірістік фактор келтірген зиянды өтеу туралы өтініштерді қанағаттандыру олардың келіп түсу тәртібімен, ал бір мезгілде бірнеше өтініштер мынадай кезектілікпен келіп түскен кезде жүзеге асырылады:

8.7.1. бірінші кезекте жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар қанағаттандырылады;

8.7.2. екінші кезекте жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі;

8.7.3. үшінші кезекте заңды тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі.

9. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер, сақтандыру компаниясын сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

9.1. Егер сақтандыру жағдайы салдарынан болған болса, сақтандыру компаниясы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

9.1.1. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

9.1.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

9.2. Мыналар сақтандырумен өтелмейді:

9.2.1. Моральдық зиян;

9.2.2. Жіберіп алған пайда;

9.2.3. Тұрақсыздық айыбын төлеу.

9.3. Сақтандыру компаниясы егер сақтандыру жағдайы төмендегілердің салдарынан орын алса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

9.3.1. әскери іс-қимылдар;

9.3.2. азаматтық соғыс, түрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.

9.4. Сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіз болуы мүмкін:

9.4.1. сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан тыс зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;

9.4.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның залал келтіруге кінәлі адамнан залалдың тиісті өтелуін алуы;

9.4.3. Сақтандыру компаниясына сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау.

9.5. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді сақтандыру компаниясы отыз күн ішінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) және (немесе) пайда алушыға жазбаша нысанда бас тарту себептерін дәлелді негіздеумен және сақтанушының (сақтандырылушының,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен қабылдайды және хабарлайды.

9.6. Сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сотқа шағым жасай алады.

10. Тараптардың жауапкершілігі

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

10.2. Орындаушының жауапкершілігі:

10.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде елішілік құндылықты есептеу ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

10.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

10.2.3. Орындаушы сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Орындаушы орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

10.2.4. Орындаушы Шартта айтылған Қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген/көрсетілмеген Қызметтер құнының 1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

10.2.5. Орындаушы Шарттың 6-бөліміне сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

10.2.6. Орындаушы осы Шартты орындау үшін Орындаушы тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің мазмұнын, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған жобалық құжаттаманы немесе ақпаратты ешкімге ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат осы персоналға шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

10.2.7. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға тиіс.

10.2.8. Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгенін тиісінше орындамаған жағдайда (Қызметтерді көрсету мерзімін бұзу және/немесе Қызметтерді тиісінше сапада көрсетпеу, Орындаушының кінәсінен Шартты бұзу), Орындаушы Тапсырыс берушіге есептелген тұрақсыздық айыбын, шығындарды есептеуді жүргізу құқығын береді (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9 бабының 4-тармағына сәйкес)) Қызметтер үшін төлеуге жататын сомадан. Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын Орындаушы осы сомаға есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Орындаушының бұзған міндеттемесі және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығындарды (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабының 4-тармағына сәйкес) Қызмет үшін төлеуге жататын сомадан шегеру туралы Орындаушыға хат (хабарлама) жібереді.

10.2.9. Осы Шарттың талаптарына сәйкес қарсы агент Сауалнаманы ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан осы Шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

10.2.10. Орындаушы Шарттың 14-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы), Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 20%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

10.2.11. Қызметтерде елішілік құндылығы бойынша жалған ақпарат бергені үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 1% -ы мөлшерінде айыппұл төлейді.

10.2.12. Тапсырыс берушіге мүдделер қақтығысының болуы салдарынан залал келтірілген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге залалды (нақты залалды да, жіберіп алған пайданы да) толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.2.13. Орындаушы мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерге қатысты Орындаушының жалған ақпарат беруі салдарынан Тапсырыс беруші шеккен шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

10.2.14. өткізу және объектішілік режимдерді бұзудың әрбір жағдайы үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

10.2.15. Орындаушы факторинг шартын жасағаны туралы «ҮМЗ» АҚ уақтылы хабарламаған жағдайда Орындаушы «ҮМЗ» АҚ-ға шарттың жалпы сомасының 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

10.2.16. «ҮМЗ» АҚ-мен цессияны тиісінше келісу болмаған жағдайда Орындаушы «ҮМЗ» АҚ-ға шарттың/келісімшарттың/келісімнің жалпы сомасының 10% -ы мөлшерінде төлеуге міндеттенеді.

10.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

10.3.1. Көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу негізсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс.

10.3.2. Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуы), Тәртіптің 65-бабының 6-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың жалпы сомасының 20%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

10.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Орындаушыға Қызметтер көрсету үшін құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кешіктірумен келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

10.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

10.6. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

10.7. Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші:- Тендерге қатысуға енгізілген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді;- Шартты орындаудан біржақты түрде бас тартады.

10.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10.9. Шарттың 10.2-тармағы (Орындаушының жауапкершілігі) және 10.3-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершілікті қоспағанда, Шарт бойынша міндеттемелерді бұзудың әрбір жағдайы үшін кінәлі тарап екінші тарапқа 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

10.10. Шарттың 10.9-тармағы бойынша айыппұл төлеуге кінәлі Тараптың атына жіберілетін тиісті актілер, шоттар негіз болады. Кінәлі Тараптың келісілген сомаларды төлеуі екінші Тараптың есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен төлем шоттарын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

10.11. Тапсырыс беруші осы Шартты осы Шарттың 11.3-тармағына сәйкес мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 10-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өтеуге міндетті.

11. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

11.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

11.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

11.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

11.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

11.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

11.6. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзудың немесе Шартты орындаудан бас тартудың (шарттан бас тартудың) себебі, күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте шартты бұзу немесе шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы хабарлама Орындаушыға шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы алдағы күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жіберілуі тиіс. Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол Орындаушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ерте келетініне байланысты алынды деп есептеледі. Шарттың 8.3-тармағында көрсетілген жағдайларда Шартты бұзу (бас тарту) үшін Орындаушының қосымша келісімі талап етілмейді.

11.7. Егер Шарт бұзылса, Орындаушы Қызметтерді көрсетуді дереу тоқтатуы тиіс.

11.8. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, екінші Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқылы. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама екінші Тарапқа Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде хабарламада көрсетілген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынған болып саналады. Шарттың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайда Шартты бұзу (бас тарту) үшін екінші Тараптың қосымша келісімі талап етілмейді.

11.9. Қызметтерді сатып алудың негізделген қолайсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Орындаушыға нақты шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

12. Хат-хабар

12.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

12.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

12.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұралар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

12.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

12.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің почтаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

12.6. Шарттың 12.1-12.5 т. талаптар осы Шарттың 12-бөлімінде көзделген жағдайларға қолданылмайды.

13. Шарттың қолданылу мерзімі

13.1. Шарт жасалған деп есептеледі және тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2027 ж.бойынша қолданылады, бұл ретте Тараптардың құқықтары мен міндеттері 01.01.2027 ж. бастап туындайды. Тараптардың өзара есеп айырысулары, сондай-ақ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың 6-бөлімі, 10.2.3-тармақшасы бойынша Орындаушының міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

14. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

14.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды (төленген аванстық сомаларды қайтару бойынша міндеттерді қоспағанда).

14.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына стихиялық сипаттағы құбылыстар: Тараптардың кінәсінен болмаған су тасқыны, жер сілкінісі, өрт, дауыл, авариялар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: әскери іс-қимылдар, блокадалар, осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін биліктің заң шығарушы және атқарушы органдарының шешімдері жатады.

14.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуы туралы Тараптар осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы олар басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бір-біріне жазбаша хабарлауы тиіс. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы екінші Тарапқа олар басталған кезден бастап күнтізбелік 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарламау осындай мән-жайлардың әрекетіне түскен Тарапты осы Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының негізі ретінде оларға сүйену құқығынан айырады. Егер тараптан өзге жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, еңсерілмес күш мән-жайларына сүйенген екінші Тарап шарт бойынша өз міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және еңсерілмес күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді. Бұл жағдайда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар бүкіл шарттың немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның бөлігінің мерзімінде орындалуына елеулі әсер етсе, осы мән-жайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес ұзартылады.

14.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сүйенген Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

14.5. Тиісті растамасы бар еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұрады, қажет болған кезде нақты көрсетілген Қызметтер үшін өзара есеп айырысулар жүргізеді.

15. Дауларды шешу тәртібі

15.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін салуы тиіс.

15.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жіберілген Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнінен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

15.3. Тараптар келісімге келе алмаған даулар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралады.

15.4. сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

16.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

16.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

16.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

16.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

16.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

16.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

16.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

16.8. Шарттың тараптары Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартылады.

16.9. Тапсырыс беруші Сақтандырушыдан/Орындаушыдан Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы бойынша мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

16.10. Осы Шарттың 16.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың атына беруге міндетті.

16.11. Сақтандырушыда/Орындаушыда Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелері бұзылды немесе болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Сақтандырушы/Орындаушы бұл туралы Сақтанушының/Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған Сақтанушыны/Тапсырыс берушіні құпия хабардар ету көздері бойынша хабарлама жібере алады.

16.12. Сақтанушы/Тапсырыс беруші осы Шартты орындауға байланысты Сақтандырушының/Орындаушының қызметіне, оның құжаттары мен жазбаларына өз қалауы бойынша тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Сақтанушы/Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті және оны дербес немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

16.13. орындаушы көрсетілген хабарламаны Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алғанын растауға және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тексеру жүргізу күнін растауға тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тарап осы Шартты жасасу, орындау, бұзу шеңберінде немесе оған байланысты Орындаушының қызметкерлерімен сұхбат жүргізе алады.

16.14. Егер тексеру нәтижесінде Орындаушының оларға берілген кепілдіктер мен куәліктерді бұзу жағдайлары анықталса, Орындаушы көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдауға және осындай шаралар туралы Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Орындаушы өз есебінен қабылдауы тиіс.

16.15. Егер Орындаушы тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді немесе сәйкессіздікті жою бойынша шаралар қабылдамаса, онда Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға құқылы.

17. Құпиялылық

17.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

17.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

17.3. 17.1-тармақтың талаптары, егер көрсетілген құжаттама мен ақпарат Тараптардың бірінің коммерциялық құпиясына жатпаған жағдайда, осы Шарт бойынша қатынастарға қолданылмайды.

17.4. Сақтанушы/Тапсырыс беруші Сақтандырушының/Орындаушының алдын ала келісімінсіз Сақтанушының/Тапсырыс берушінің Жалғыз акционеріне құпия және өзге де қорғалатын ақпаратты беруге құқылы.

18. Орындаушыны комплаенс-тексеру

18.1. Шарттың 16-бөліміне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Тапсырыс беруші өзіне Орындаушыны комплаенс тексеру құқығын қалдырады.

18.2. Орындаушыны комплаенс-тексеру барысында Тапсырыс беруші Орындаушыны ынтымақтастықтан бас тартуға негіз/теріс ақпарат/басқа мәліметтердің болуына, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық, ақшаның жылыстауы және терроризмді қаржыландырумен қоса қандай да бір заңсыз қызметке қатысы барын, Орындаушының, оның акционерлері/құрылтайшылары/қатысушылары, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияға жататын тұлғалар тізімінде болуына тексереді.

19. Өзге де талаптар

19.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім артады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді: (a) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді; Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

19.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл болмай шықса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс емес немесе анық болмауына байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

19.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

19.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

19.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 1 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

19.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 1 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

19.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не 1 жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

19.8. Осымен Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру немесе 1 өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша орынсыз деп танылса, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етуге және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (Тараптар келісетін валютаны көрсету) («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі 1 төлемді сәтті жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

19.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 1 -тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша 1 жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

19.10. Осы Шарт мемлекеттік тілде және орыс тілдерінде жасалды және Тараптардың уәкілетті өкілдері тең заңды күші бар электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭСҚ) пайдалана отырып қол қойды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар осы электрондық шарттың заңды күшін мойындайды және оны өз қолымен қол қойылған қағаз нұсқадағы Шартпен тең мәнді деп таниды. Электрондық Шарттың данасы Тараптардың әрқайсысы үшін электрондық шартқа қол жеткізу мүмкіндігімен «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде сақталады (https://zakup.sk.kz).

19.11. Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып қол қойған немесе Тараптардың уәкілетті тұлғалары қағаз нұсқада қол қойған және Веб-порталға жүктелген жағдайда, осы Шарттың барлық қосымшалары, өзгерістері мен толықтырулары оның ажырамас бөліктері болып табылады.

19.12. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

19.13. Тараптардың уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен куәландырылған және екінші Тарапқа электронды пошта (электронды хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұсқа) және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды түпнұсқаларын алғанға дейін Тараптар толыққанды заңды құжаттар ретінде мойындайтыны туралы келісті. Электронды пошта және/немесе факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау факс/электронды нұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде міндетті болып табылады.

19.14. Сақтандырушы/Орындаушы осы Шартқа қатысты ақпарат электронды түрде басты компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ талаптарына сәйкес «QazCloud» ЖШС «Деректерді өңдеу орталығында» (ДӨО) орналастырылуына келісім береді.

19.15. Шарттың қосымшаларында «Орындаушы» сөзі «Сақтандырушы» деп, «Тапсырыс беруші» «Сақтанушы» деп оқылсын.

20. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ	_____
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ., Абай даңғылы, 102	_____
	_____
БСН 941040000097	БСН _____
БСК HSBKKZKX	БСК _____
ЖСК KZ756010151000014503	ЖСК _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (723) 229-8123

_____

Тел.: _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
409-1 У	Жоғарғы қауіпті объектілерді сақтандыру бойынша қызмет көрсетулер, Жоғары қауіпті объектілерді сақтандыру бойынша қызметтер	Қауіпті өнеркәсіптік объектілер иесінің АҚЖ міндетті сақтандыру Байыту фабрикасы, Курчатов қаласы	1.000	1.000	-		31 140	ҚАЗАҚСТАН, Абай облысы, Курчатов Қ.Ә., Курчатов қ., область Абай, г. Курчатов	-	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 100%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Ульбинский металлургический завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. В случае если закупаемые Услуги подпадают под регулирование пункта 10-1 Порядка, Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/соисполнителем обязательств, предусмотренных пунктом 10-1 статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги по обязательному страхованию гражданско-правовой ответственности владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения вреда третьим лицам в соответствии с Законом Республики Казахстан от 7 июля 2004 года № 580 «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения вреда третьим лицам» (далее – Закон), и предусматреть осуществление страховой выплаты, в пределах страховой суммы, установленной в договоре обязательного страхования ответственности владельцев объектов, по обязательствам, возникшим вследствие причинения вреда жизни, здоровью и (или) имуществу третьего лица опасным производственным фактором, а Заказчик обязуется произвести оплату страховой премии.

1.2. Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют настоящий Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

1.2.1. Договор.

1.2.2. Перечень закупаемых услуг (формируется на Веб-портале) (Приложение № 1).

1.2.3. Техническая спецификация (формируется на Веб-портале) (Приложение № 2).

1.2.4. Прогнозный/Фактический расчет внутристрановой ценности в Договоре на выполнение услуг (формируется на Веб-портале) (Приложение № 3).

1.2.5. Анкета контрагента (предоставляется Исполнителем в электронном формате или на бумажном носителе) (Приложение № 4).

1.2.6. Анкета-опросник ESG (предоставляется Исполнителем в электронном формате или на бумажном носителе) (Приложение № 5).

1.2.7. Требования инструкций о пропускном режиме в АО «УМЗ» (Приложение № 6).

1.3. Страховым случаем по страховым полисам признается факт наступления гражданско-правовой ответственности Заказчика (застрахованного) по возмещению вреда, причиненного жизни, здоровью и (или) имуществу третьего лица опасным производственным фактором.

